

У 2015  
256

ҚАЗАҚТЫҢ КӨШПЕЛІЛІК МӘДЕНИЕТІ

哈萨克游牧文化

Kazakh Nomadic Culture

Assylkhan Bagen  
阿斯力汗·巴根



ҚХР Шынжаң Жастар - өрендер баспасы  
新疆青少年出版社







ҚАЗАҚТЫҢ КӨШПЕЛІЛІК МӘДЕНИЕТІ

哈萨克游牧文化

Kazakh Nomadic Culture

Assylkhan Bagen

阿斯力汗·巴根

ҚХР Шынжаң Жастар - өрендер баспасы

新疆青少年出版社



## 图书在版编目 (C I P) 数据

哈萨克游牧文化: 哈汉英对照 / 阿斯力汗·巴根 著.  
—乌鲁木齐: 新疆青少年出版社, 2014. 4  
ISBN 978-7-5515-3251-8

I. ①哈… II. ①阿… III. ①哈萨克族—游牧民族—  
民族文化—中国—图集 IV. ①K283.6-64

中国版本图书馆CIP数据核字(2014)第063515号

Қазақшасын өңдеген: Оразханқызы Ләззат  
Ағылшынша аударушы: Рыскельдина Анар (Қазақстан Республикасы)  
Асылхан Қарлығаш (Қазақстан Республикасы)  
Ағылшыншасын өңдеген: Рив Давид (Америка Құрама Штаттары)  
Рив Элизабет (Америка Құрама Штаттары)  
Асылхан Анар (Қазақстан Республикасы)  
Қытайшаға аударған: Асылхан Анар  
Қытайшасын өңдеген: Лю Джэнь Асылхан Қарлығаш  
Жобалаушы: Лю Джэнь, Сун Минкун

哈语修订: 拉扎提·乌拉孜汗  
英语翻译: 阿纳尔·额热斯克勒德(哈萨克斯坦)  
海丽亚什·阿斯力汗  
英语修订: 大卫·里夫(美国)  
伊丽莎白·里夫(美国)  
阿纳尔·阿斯力汗  
汉语翻译: 阿纳尔·阿斯力汗  
汉语修订: 刘振 海丽亚什·阿斯力汗  
版式设计: 刘振 孙铭坤

Жауапты редакторы: Болат Ғабдылқаримұлы  
Жауапты корректоры: Жанар Қыдырханқызы  
Рысхан Тәліпбайқызы

责任编辑: 布拉提·哈布都克力木  
责任校对: 加娜尔·贺得尔汗  
热斯汗·塔里甫拜

## 哈萨克游牧文化 (哈汉英对照)

阿斯力汗·巴根 著

出版: 新疆青少年出版社出版  
地址: 乌鲁木齐市北京北路29号  
邮编: 830012  
发行: 新疆新华书店  
印刷: 深圳市金豪毅彩色印刷有限公司  
开本: 889×1194毫米 1/16  
印张: 18.75  
版次: 2014年4月第1版  
印次: 2014年4月第1次  
ISBN 978-7-5515-3251-8  
定价: 375.00元

## Қазақтың көшпелілік мәдениеті

Авторы: Баген Асылхан

\*

ҚХР Шынжаң Жастар-өрендер баспасы шығарды  
(ҚХР, ШУАР, Үрімші қаласы, Солтүстік Бейжиң даңғылы, 29)  
Шынжаң қаласы, Жинхауи баспа шекті серіктігінде басылды  
Пішіні 1/16 889×1194 18.75 баспа табақ  
2014 жыл, сәуір, бірінші баспасы  
2014 жыл, сәуір, бірінші басылуы  
ISBN 978-7-5515-3251-8  
Бағасы: 375.00 юань  
E-mail: 925815628@qq.com Tel: +77015775079

# Қазақтың көшпелілік мәдениеті

Адамзат тарихындағы ең ұзақ формацияны басынан өткізген қоғам – Көшпелілер қоғамы. Шығысында ұлы қорғаннан тартып, батысында Жерорта теңізіне дейінгі Еуразияның ұлан-ғайыр даласында өмір сүрген ұлттар мен ұлыстардың мыңдаған жылдық көшпелі өмір салтын басынан кешіруі, табиғи ортаға бейімделіп тіршілік етудің қажеттілігіне байланысты болды. Тағы бір сөзбен айтқанда, ұлы дала өзінде өмір сүрген адамзатты өзіндік дара қасиеті бар көшпелі тұрмыспен өмір сүруге мәжбүрледі. Адамдар бұрынғыдай жылы да жазық өңірлерде еңбек етіп, аң аулап өмір сүруден гөрі тастан, ағаштан, киізден баспана дайындап, жабайы хайуандарды қолға үйретіп, мал бағып, жерге дән сеуіп, тау-кендер ашып, темір, мыс қорытып, өрмек тоқуға бейімделді. Өздерінің қажетіне қарай табиғаттың да мүмкіндіктерін пайдалана бастады. Ортақ өмір салттағы ру-тайпалар тұтынар бұйымдарынан бастап рухани наным-сенімдеріне дейін көшпелі өмір ырғағымен үндес болмысын даралады.

«Көшпелілік — көшпелі халықтардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі, шаруашылық-мәдени типі. Ерте заманда еуразиялық және афроазиялық аридтік аймақта жайылымдық мал шаруашылығын жетілдіру негізінде қалыптасты. Еуразиялық ұлы даланың ежелгі көшпелілеріне сақтар, үйсіндер, қаңлылар, ғұндар, т.б. жатса, түркі-моңғолдық кезеңде бұл мәдени тип әлемдік үдерістерге өзінің терең әсерін тигізеді... Көшпелі мал шаруашылығы жүйесі шындалған тұрмыстық ерекшеліктері бар, ретке келтірілген және едәуір дамытылған шаруашылық типін білдірді. Еуразия даласын мекендеген көшпелі халықтардың негізгі өндірістік құралына айналған мал шаруашылығы тамақ өнімдерін беріп қана қоймай, айырбас үшін де пайдаланылды. Көшпелілік көшпелілердің мал жаюдың тәсілдерін жетілдіре отырып, күнделікті тұтынатын тұрмыстық заттар мен құралдардан бастап моральдық-этикалық таным-түсініктеріне дейін шындалумен болды... Қазақ мәдениетінің негізгі архетипі саналатын Көшпеліліктегі маңызды мәселенің бірі — ондағы әлеуметтік құрылым, қоғамдық ұжымдасу ерекшеліктері, қауымдық тұтастықтың болуы. Еуразиядағы нарықтық қоғамда зат иелену мен азаматтық қатынастар шешуші қызмет атқарса, көшпелілерде туыскандық, рулық байланыстар аса құнды болып есептелінді. «Ата қоныс» ұғымы көшпелілер үшін қасиетті, өз жерінің тұтастығының кепілі және көршілес жатқан мекендерге де қол сұғуға болмайтындығын мойындау болды. Көшпелілер уақыт пен кеңістікті игеруі, танып түсінуі нәтижесінде көшіп-қонып, табиғаттың қолайлы белдеулерінде

орналаса отырып, мәдениет пен климат ерекшеліктерін ұтымды қолдана білген. Мысалы, Қазақстанда ерте заманнан бері маусымдық жайылымдар пайдаланылған. Жауын-шашыны молырақ Арқаның теріскейіндегі ормандыдалалы алқапты, оңтүстік-шығыстағы таулы өңірді жұрт ең алдымен жайлау, ал шығыс және ортаңғы аймақты қыстау ретінде пайдаланып келген. Көктеу мен күзеу мал қыстайтын жерлерге тікелей жалғасып жатқан. Қалыптасқан дәстүр бойынша маусымдық жайылымдардың рулар арасында бөліске түскенімен мал қыстайтын жерлерден басқасын елдің бәрі бірдей пайдаланған. Қатал даланың табиғатын танып түсіну, оның ішкі заңдылықтарын терең білу, болжай білу — мұның бәрі көшпелілер мәдениетінің маңызды жақтарын көрсетеді. «Құрғақ даланы, – дейді ағылшын тарихшысы, социолог А. Дж. Тойнби (1889-1975), – тек бакташы ғана меңгере алады, бірақ сол далада тіршілік етіп, табыстарға жету үшін ол өзінің шеберлігін тынбай жетілдіре беруге міндетті, ол ерекше адамгершілік және парасаттылық қасиеттерді қалыптастырады.» Малшылық егіншіліктен көрі күрделілеу, өйткені дихан табиғат өнімдерін тікелей тұтынса, көшпелілерде мал табиғи өсімдіктерді өңдейтін механизм тәрізді. Белгілі бір парасаттылық, ізгілік, ұстамдылық, жоғары интуициялық қабілеттері жоқ адамдар қатал далада өмір сүре алмас еді. Кеңістікпен үйлесімді дамыған мәдениет адам мен табиғаттың арасында нәзік үндестікті білдіретін дәнекер қызметін атқарды. Көшпелі қоғамның тіршілік етуінің көшпелі, жартылай көшпелі мал шаруашылығы болуы олардың дүниетанымына шешуші әсер етті. Көшпелілер мәдениетінің ажырамас бөлігі — «әлем» және «адам» түсініктеріне негізделіп дамыған дүниетаным жүйесі болды. Табиғатты игеру және адамдардың практикалық іс-әрекетін бейнелейтін алуан түрлі дәстүрлі әдет-ғұрыптар, әпсаналар, қарапайым түсініктерді тудырды. Ертедегі көшпелілер дүние танымының негізі-көк аспан, шексіз әлем болса, сол көк аспан мен шексіз әлемнің құдіретті жаратушысы-көктегі Күн. Көшпелі өмір, төрт түлік мал, Жер-ана барлығы жинала келе көшпелілердің материалдық игілігін, дүниетанымын қалыптастырып, төл мәдениетін жасады. Уақыт пен кеңістікті игеру арқылы Көшпелілікке тән әрі тұрмысқа қажетті алғашқы астрономиялық ғарыштық талғам-түсініктер орнықты. Көшпелі өмір салты жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкеліп, жас адамның ел-жұртқа жағымды моральдық-психологиялық нормаларын белгіледі. Көшпелі өмір тіршілігіне сай қара күшке мығым, қиыншылыққа төзімді, құбылмалы табиғат жағдайына тез икемделгіш, ат үстіндегі алыс сапарларды қайыспай көтеретін дала перзенттері, жан-жүйесі жағынан да шыңдалған, қоғаммен үйлесімдігі, қауыммен етене жақын жан-жақты жетілген адамдар қалыптасты. Дала көшпелілерінің ақынжанды болуы, ой-қиялының жүйрік болып келетіні көшпелі тіршіліктің арқасы еді. Көшпелілердің сан ғасырларға созылған тарихи-әлеуметтік дамуы барысында материалдық және рухани игіліктер жинақталып, көшпенділердің болмыс-бітімінің, рухани өрісінің кеңдігін,



өмірлік арман-тілектері мен дүниеге талғам-түсініктерін ашып бейнеледі. Ғылыми негізделген дәйектер көшпенділіктің адамзат тарихында елеулі рөл атқарғандығын дәлелейді. Қазіргі уақытта көшпеліліктің отырықшы өркениет елдерінің шаруашылығынан, мемлекеттік атрибуттары мен қоғамдық билік жүйесінен, мәдени бітімінен ешбір кем емес екендігі дәлелденіп отыр.» («Қазақстан ұлттық энциклопедиясы», 5-том 62,63 б.)

Тағы бір ойдан Көшпелілер мәдениет пен ғылымда отырықшы елдер сияқты жедел қарқынмен дамуға қол жеткізе алмағаны да шындық, мұны ғалымдар да ұмыт қалдырған емес «ескі және жаңа әлем елдері ғажайып өзгерістерді басынан кешіріп жатты, ал, далада ше, ондағы көшпелі халықтардың өмір-салты мейлінше баяу өзгерді.» (Марков Г.Е. Әдеб: Историческая энциклопедия том.м,1966.4-бет. ) дегенмен өмір сүру қажеттілігі оларға онан бетер қатаң өндірістік талаптарды алға тартты. Мұндай күнелту машығы ру-тайпалар өміріндегі жағдайды түбірінен өзгертті. Сөйтіп, олар ұсақ-ұсақ ру-тайпалардың қуатты бірлестіктеріне ұласты. Осы ұзақ тарихи кезеңде, отты қару пайда болғанға дейін көшпелілер әлемі адамзат баласының тарихындағы ең қуатты да, құдыретті күштердің бірі болып қалды. Осы ру-тайпалардың ішінен Қазақ халқының қалыптасқаны жөнінде «Қазақстан ұлттық энциклопедиясының» зерделеуіне үңіліп көрелік: «Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мың жылдықта Қазақстан аумағында өмір сүрген ежелгі тайпалар көшпелі тұрмысқа ауысып, олардың өзара бірнеше тайпалық бірлестіктері құрыла бастады. Солардың ең ірілерінің бірі – сақтар. Олар Сыр бойы, Қаратау, Талас өлкесінен бастап Тянь-Шань тауларына дейінгі шығыс-оңтүстік беткейді мекендеді. Арал теңізі мен Сырдарияның сағасын, Әмудария бойын мекендеген тайпалар массагеттер одағына бірікті. Сақ тайпалары солтүстік Қара теңіз өңірі мен Днепр бойын мекендеген скифтердің және төменгі Еділ бойы мен Оңтүстік Орал өңіріндегі савроматтардың, Кир мен Дарий I және Александр Македонский дәуіріндегі гректердің тұсында өмір сүрген. Сақ тайпалары тарихы мен олардың материалдық және рухани мәдениетінің аса маңызды деректерінен (қорым, көмбе, т. б.) Қазақ халқының мәдениеті бастау алады. Б.з.б. (3-1 ғасырларда, б.з. басындағы 1-5 ғасырларда) қазіргі Қазақстан жерінің оңтүстігінде, Сырдария, Талас, Шу өзендерінің бойында, Жетісуда, Солтүстік, Батыс, шығыс және Орталық Қазақстанда ежелгі сақ тайпаларының негізінде өркендеп, жаңадан бірлескен тайпалар одағы пайда бола бастады. Олардың ішінде қуатты мемлекетке айналып, тарихта, мәдениетте, өнерде белгілі із қалдырғандары – ғұндар, үйсіндер, қаңлылар, сарматтар. Олар б.з. 5 ғасырына дейін өмір сүріп, көп елмен қарым-қатынас жасады... Қазақтардың шығу тегіне ежелгі жергілікті сақтардан кейін ерекше негіз болған, әсіресе, ғұндар, үйсіндер, қаңлылар. Ұзақ заманғы бұл этн. процесс б.з.б. жүз жылдың 1-жартысынан басталып, б.з. 5-6 ғасырында толық қалыптасып үлгерді. Қазақ халқының негізін құраған көп тайпалар 552 ж. Түркі қағандығының құрамына кіріп, чұмығұн, дай, ирки, чүре, чұбан (Шуманак), дулу деген әр түрлі атпен

белгілі болды. 603 ж. құрылған Батыс Түрік қағандығының этно-саяси негізі «он тайпа» (он оқ будун) болды. Олар Қаратау баурайынан Жоңғарияға дейінгі аралықта жатқан ежелгі үйсін жерін жайлады. Шу өзенінің шығыс жағында дулудың бес тайпасы, ал батыс жағында бес тайпалы нушебилер мекендеді. Оның орнына Түргеш қағандығы (704-756), одан кейін Қарлұқ қағандығы (756-940) орнап, жоғарыда аталған тайпаларға үстемдік етті. Бұл мемлекеттер дәуірінде отырықшылық бел алып, егін шаруашылығы дамыды. Қалалар өркендеп, сауда-саттық жанданды. Бұл кезде Жетісу мен Талас бойында қарлұқтар, шігілдер, яғмалар, адғұлар мекен етсе, Орталық Қазақстан мен Сырдария бойында оғыздар мен қыпшақтар үстемдік етті.» Осы оғыздардың кейбір топтары Қазақ халқының шығу тегіне әсерін тигізді. «Найман, керейт, жалайырлардың ертеректегі мемлекеттері Орталық Азияның шығысында – Қазақстанмен шектесіп жатқан Моңғолия аумағында пайда болса да, олардың Қазақ тарихына тікелей қатысы бар. Моңғолдар талқандағаннан кейін найман мен керейт топтары, жалайырлар қалыптасып жатқан көптеген түркі халықтарының құрамына, атап айтқанда Қазақ халқының құрамына біртіндеп сіңісе берді... Қазақстанның солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарында көшпелі мал шаруашылығымен айналысқан қыпшақтар өмір сүрді. Қыпшақтар 11 ғасырларда кең байтақ Қазақ даласы мен оңтүстік орыс даласына үстемдік етті де, 12 ғасырда Днепр өзеніне дейін жайлап жатты. Қыпшақтар, негізінен, Қазақ халқының құрамына енді... 11-12 ғасырларда Қазақстанның далалы аудандарын мекендеген түркі тайпаларының өзара бірігіп, отырықшылық жағдайда егіншілігі дамыған аудандармен экономикалық-мәдени қарым-қатынас жасауының жақсаруы қазақ халқының қалыптасу барысындағы елеулі кезең болды. Қазақтардың бір тұтас халық болып қалыптасу жолында 13 ғасырда басталған моңғол шапқыншылығы да айтарлықтай із қалдырды... Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін, 13 ғасырдың ортасында Қазақ жерінің көп бөлігі Жошы ұлысына қарады, тек Жетісу бойы Шағатай ұлысының қарауында болды. Қазақстанның солтүстік-шығыс бөлігінің аз ғана бөлігі Үгедей ұлысына енді. Көп ұзамай моңғолдар жергілікті тұрғындармен әсіресе, қыпшақтармен араласып, өзіндік ерекшеліктерінен мүлдем айырылды... Моңғол империясы ыдырағаннан кейінгі кезеңінен соң, осы аймақ халқының саяси өмірінің дамуы жергілікті этникалық негізде пайда болған бірнеше мемлекет құрылымның оңашалануы арқылы өтеді: олар Ақ Орда, Моғолстан, Әбілхайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті), Ноғай Ордасы. 14 ғасыр мен 15 ғасырдың бас кезінде Қазақстан халқының мемлекеттік бытыраңқылығының сақталып қалуы – жаңадан ғана құрыла бастаған Қазақ халқының этникалық даму жолының, үш жүздің түзілуі сияқты, ерекшелігінің тууына себепші болды.» Осыдан соңғы әлеуметтік аласапырандық кезеңі, «өзара жақын топтардың саяси бытыраңқылығын жеңіп шығу іс жүзінде біртекті халыққа айналып болған Қазақ тайпалары мен руларын мемлекетке біріктіру қажеттілігін алға тартты. Оның шешілуіне Қазақ хандығын құру

нақты мүмкіндік туғызды. Қазақ хандығының құрылуы Шығыста-Дешті Қыпшақ, Жетісу, Оңтүстік Қазақстанның кең-байтақ жерінде етек алған әлеуметтік-экономикалық және этно-саяси құбылыстардың заңды қорытындысы еді. 15 ғасырдың ортасында Әбілхайыр хан қайтыс болғаннан кейін, оның қол астындағы көшпелі тайпалар бірлестігі ыдырап «Қазақ», «Өзбек» хандығы болып екіге бөлінді. Қазақ хандығы бұрынғы Жошы ұлысының Шығыс өлкесін (Ақ Орда) тегіс мирас етіп, Жайық пен Ертіс, Түмен мен Сырдария арасын қоныстанды. 15 ғасырдың соңы мен 16 ғасырдың басында бұларға Моғолстан өлкесін мекендеген Ұлы жүз Қазақтары (Үйсіндер, дулаттар) қосылды. Қазақ мемлекеттігінің белгілі жері болуымен бірге, оның барлық халқы ортақ бір тілде сөйледі, шаруашылығы, тұрмыс-салты өзара ұқсас, етене жақын болды... 15-16 ғасырларда Қазақстан жерінде болған ірі-ірі саяси оқиғалар нәтижесінде Ноғай, Сібір және Моғолстан хандықтарының ыдырауына байланысты, көптеген тайпалар мен этникалық топтар Қазақ хандығының құрамына енді. 16 ғасырда Қазақ қауымының үш жүзге бөліну процесі аяқталды. Ұлы жүзге – Үйсін одағының маңына топтасқан сарыүйсін, дулат, қаңлы, албан, суан, жалайыр, шапрашты, шанышқылы, ошақты, ысты, сіргелі тайпалары; Орта жүзге – арғын, найман, қыпшақ, керей, уақ, қоңырат тайпалары; Кіші жүзге (Алшын одағының тобына) – жетіру, әлімұлы және байұлы сияқты рулар бірлестіктері кірді. Бұлардың көпшілігі Алтын Орда дәуіріндегі ноғайлылар еді. Сондай-ақ, олармен аталас рулар Еділдің төм. сағасында, Солтүстік Кавказда, Қырымда ұшырасады (жағалбайлы, беріш, шеркеш, малқар, т.б.). 16 ғасырда Қасым хан тұсында Қазақ хандығындағы халық саны 1млн-ға жеткен. Этникалық аумағы кеңейген. Ақназар, Тәуекел хан, 17 ғасырда Есім, 17 ғасырдың соңы – 18 ғасырдың басында Тәуке хан үш жүзді біріктірді (к. Қазақ хандығы). 1635 ж. құрылған Жоңғар хандығы Қазақтарға қарсы басқыншылық саясат ұстанды. 18 ғасырдың 1-ширегінде бірнеше ірі-ірі жорықтар ұйымдастырды. Ең ірісі – 1723-1725 ж. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» Қазақ халқына зор ауыртпалықтар әкелді. Тәуке қайтыс болғаннан кейін, үш жүздің бір-бірінен дербестеніп, алшақтануы Қазақ хандығының қуатын әлсіретті. Жоңғарлар Қазақтардың бір бөлігін этникалық аумақтарынан шалғайға ысырып тастады, мал мен жайылымнан жаппай айырылу, шаруашылық күйзелісі хандар беделін түсіріп, жаугершілікпен ала ауыздықты күшейтті». («Қазақстан ұлттық энциклопедиясы» 5-том, 399, 400, 401 б.) Осы Қазақ халқының бірлігі ыдыраған орайда Ресей ең алдымен Әбілқайыр ханның иелігіндегі Кіші жүзді өзіне қаратты. 1734 ж. Орта жүздің бір бөлігін басып алды. 19 ғасырдың 2-жартысында бүкіл Қазақстанды империя құрамына қосып алды. Ресейдің отаршыл саясатына қарсы Қазақ халқының талай реткі ұлт-азаттық көтерілістері болып өтті.

# 哈萨克游牧文化

游牧社会是人类发展历史上最悠久的社会形态之一。从东方的万里长城到西方的地中海，在欧亚大草原上生活栖息的游牧民族及部族，历经几千年的漫长岁月，为能在此生活繁衍而必须能够适应大自然的艰苦环境。换言之，在欧亚大草原繁衍栖息的人类在大自然的威逼下，根据自身需求，学会了利用大自然的优越条件，从而改变了原始生活中人类只能局限于在气候温和适宜的地域生活，靠打猎为生的现状，学会对野生动物驯养并加以放牧，利用石头、木头、毡子建造住宅，开发利用矿产，冶炼铁器和青铜器，以及依靠织布耕种等方法解决自己的衣食住行。生活在同地域的游牧民族及部族，从其生活用品到生活习俗和精神信仰，都迎合了游牧生活的发展变化并充分体现了游牧文化的独特特征。

“游牧是在人类悠久历史岁月中形成的社会和经济体系，也是生产和文化形态模式。游牧是从远古时代开始，在欧亚及亚非大陆上因畜牧而形成的生产方式。经历史学家们的考证，欧亚大陆上古老的游牧民族及部族是塞种、乌孙、康居、匈奴等。到突厥蒙古时期，这种古老的游牧文化为世界文化留下了自身的深远影响……游牧是社会形态完善、成熟、精炼、具有独特生活特征、正规并比较发达的生产形态。牧业作为欧亚大陆的主要生产方式，不仅提供食品生产还提供商品交换。游牧人除了掌握放牧方法外，还须确保日常生活必需品及生产工具，并且不断磨炼提升自身道德素养和社会信念……游牧作为哈萨克原始文化形态，其鲜明特点是：其社会组织和社会结构内部的牢固性。在亚欧的社会价值观里，物质占有和人际关系起着主导作用。而对游牧人尤其重要的是亲属间的关系和部落间的联系。对游牧人而言，家乡是神圣而不可侵犯的圣地。所以，他们拼尽全力保卫自身领土的完整性，也深知近邻不能侵犯的道理。游牧人通过认知掌握时间和空间概念，选择在便利的自然带游牧迁徙，巧妙利用气候特点，选择在大自然中有利于自身发展的地域创造自身文明。例如，哈萨克游牧民自古至今按季节特征来选择牧场。以畜草丰沃、雨水充足、森林茂密的哈萨克丘陵和现哈萨克斯坦东南部高山地带作为夏牧场，而其中部和东部地区作为冬牧场。春秋牧场与冬牧场所在地相邻。按照固有习惯，虽然部落间已经划分了季节放牧的地域，但实际上大家可共同使用除冬牧场外的其他牧场。游牧人对恶劣自然条件的深刻体会并掌握和预测其内在规律是游牧文化的主要体现。英国历史、社会学家汤因比（1889—1975年）在其著作中写道：‘贫瘠的大地只有游牧人才能征服，但为适应这种环境并有所收获，他们必须不断创新思维，还应具备特殊的道德伦理和聪明才智。’牧业相对农业来说要复杂一些，因为农民可直接利用农作物而牧民必须通过畜牧将天然植物再加工。没有一定的聪明才智、高尚品德、豁达胸怀和丰富想象力的人是不可能恶劣的自然环境中生存下来的。在其特殊的环境中发展其相应的文化，为人与自然之间架起了细腻的相互沟通的桥梁。游牧社会的游牧和半游牧生活，对于游牧人世界观的形成起了关键作用。游牧人的认知论，是通过征服大自然及表现自身行为的风俗习惯和各种神话故事引发而来的。远古时期，游牧人世界观的基础是蓝天大地，而蓝天大地的创造者是耀眼的太阳。游牧生活、畜牧、大地母亲，这一切组合在一起创造了游牧人的物质财富，从而形成了自身独特的

世界观与文化。通过掌握时间与空间，游牧人掌握了满足其自身生活需求的天文知识。游牧民族的生活习俗，自然而然地决定了教育年轻一代的特殊标准，并形成了年轻一代适应整个社会的世界观与道德要求。因此，游牧生活造就了游牧人吃苦耐劳、适应变化多端的自然环境、能在马背上长途跋涉、心理素质老练、适应整个社会，并能与人融洽共处的后代。游牧生活培养出游牧人能歌善舞，想象力丰富的特质。世世代代的游牧生活，在历史发展的过程中积累的物质和精神上的收获，显示了游牧人自身形象的高大、精神境界的高深和对未来的期望，游牧人对于人类历史发展做出了不可磨灭的贡献。当今，游牧文明与定居化的发达文明相比，其在国家形态、社会制度、文化体制与经济管理体系上表现出了毫不逊色的特质。”（《哈萨克斯坦民族百科全书》第五册62—63页，2003年出版）

换言之，游牧民族也许在文化和科技领域不如定居民族发展得那么迅速。正如马尔科夫所说，在同时期“世界的其他国家和地区发生了惊人的变化，在草原上呢，相比较而言在那里的游牧人民的生活变化特别缓慢”。不过，生存需要迫使他们具备更考究的生产条件，这就使部落和部族的生活状态发生了根本变化，致使零散弱小的部落联合成为较强大的部落。在漫长的历史岁月中，在火器发明之前的游牧社会是最优越的人类社会形态之一。下面我们开始探讨在《哈萨克斯坦民族百科全书》中描述关于这些部落部族对哈萨克民族形成所起的作用：

“公元前1000年里，在现今的哈萨克斯坦内的古老部族转变为游牧部族，并统一成较大的部族联盟，其中之一是塞种部族。他们居住在锡尔河、卡拉套山、塔拉斯河至天山山脉等东南地区。居住在咸海和锡尔河范围的部族与阿姆河畔的部落联合为马萨盖特同盟。与塞种部族生活在同时期的有在黑海以北和第聂伯河畔地区居住的斯基泰人，在伏尔加河河畔及乌拉尔山脉中南面居住的萨尔马特人，而亚历山大马其顿帝王统治的希腊人，他们遗留下来的文物古迹证实了哈萨克文化历史可追随至塞族部族居住时期。与此同时，哈萨克文化继承了塞种部族最为主要的物质和精神文化。公元前3至1世纪和公元1至5世纪，在现今的哈萨克斯坦南部地区、锡尔河、塔拉斯河、楚河流域、七道河流域、北哈萨克斯坦、西哈萨克斯坦、东哈萨克斯坦、中哈萨克斯坦，在古老的塞种部族的基础上兴起了新的联盟。它们中建立起较强大的汗国，而在历史、文化、艺术方面留下自身足迹的有匈奴人、乌孙人、康居人、萨克马提亚人……古老的塞种人之后，对哈萨克人的形成及在哈萨克的历史、文化、艺术方面留下了一定的足迹，并起了主导作用的是匈奴人、乌孙人、康居人。这些古老部族从公元前1世纪中叶到公元5—6世纪形成完毕。公元552年组成哈萨克人基础的楚穆根、达伊、伊尔基、楚烈、楚班、咄陆等部族融入了突厥汗国。公元603年建立的西突厥汗国，它的民族和政治的基础是十部族‘十姓’。居住范围覆盖了从卡拉套山到准噶尔盆地的乌孙人故地。楚河以东居住着咄陆的5个部族，而楚河以西居住着努切比的5个部族。后来，这里建立了突骑施汗国（704—756年），而后又建立了葛罗禄汗国（756—940年）统治了以上这些部族。这些汗国里出现了定居耕种的生产方式，农业开始发展，城市兴起，商业往来活跃。这时期，在七道河地域，塔拉斯河畔居住着葛罗禄人、西格尔人、雅格玛人、阿德古人。而乌古人钦察人统治中哈萨克斯坦和锡尔河畔地域。”这里的乌古斯人对哈萨克的形成起了一定作用。而“乃蛮人、克烈人和札刺亦儿人在中亚以东与哈萨克斯坦接壤的蒙古国地域建立的国家对哈萨克历史的形成起直接作用。蒙古帝国灭亡后，乃蛮人、克烈人和札刺亦儿人正式融入突厥民族中。更具体的说，他们融入了哈萨克族中。蒙古帝国时期，乃蛮人的居住地域扩展到锡尔河两岸，是哈萨克人形成的重要基础。克烈人的居

住范围扩展到伏尔加河畔，后来融入了哈萨克人……哈萨克斯坦北部及东北部以游牧为生的钦察人，11世纪他们分布在广阔的哈萨克斯坦草原和俄罗斯南部草原上。到了12世纪，他们的居住范围扩展到第聂伯河流域。几乎全部的钦察人都融入了哈萨克人……11—12世纪在哈萨克斯坦大草原上生活的突厥部族联合在一起，与定居耕种的民族发展区域间的经济往来和文化交流，从而加快了当地哈萨克人的形成。自13世纪起，蒙古人的入侵很大程度上影响了哈萨克民族的形成过程。成吉思汗过世后，从13世纪中期开始，大部分哈萨克领土由成吉思汗的长子朮赤（术赤）可汗管辖，只有七道河地域由成吉思汗之子察合台可汗管辖，而哈萨克斯坦东北地区的小部分区域由成吉思汗之子窝阔台可汗管辖。不久之后，那些蒙古人融入了当地居民的生活，特别是与钦察人融合后，他们几乎丧失了自身的特点……蒙古帝国解体后，在当地民族发展的基础上，几个新建立的独立国家决定了当地居民政治生活发展面貌。这些独立国家是白帐汗国、蒙兀儿斯坦、阿布勒海儿汗国（游牧的乌兹别克国家）和诺盖汗国。14世纪到15世纪初，遗留下来的哈萨克地区各汗国促进了哈萨克民族的初期壮大和哈萨克三个玉兹的组成体系及其他民族特质的产生。”此后，社会的动荡更加促使“关系亲近的群体们融合到哈萨克族的部落和部族里，从而建立统一的国家。在东部钦察部族的居住地，七道河地域及南哈萨克斯坦发生的社会政治和经济变革促使了哈萨克汗国的建立。15世纪中叶，自阿布勒海儿汗王去世后，其统治下的游牧部族联盟解体成为哈萨克汗国和乌兹别克汗国。哈萨克汗国统治原先朮赤可汗管辖的整个东部领土（白帐汗国），同时将统治领土扩展到西至乌拉尔河，东至额尔齐斯河，北至图曼河，南至锡尔河与阿姆河间的广阔地域。从15世纪末到16世纪初，居住在蒙兀儿斯坦的大玉兹（乌孙，杜拉特）加入哈萨克汗国。从此，哈萨克汗国有了完整领土，拥有统一语言，而人民的生产生活方式也趋于统一……15世纪—16世纪，现今哈萨克斯坦境内的诺盖汗国、西伯利亚汗国和蒙兀儿斯坦纷纷解体后，不少部族联盟加入哈萨克汗国。16世纪哈萨克三个玉兹的体系形成已完善巩固。大玉兹是乌孙部族联盟，其中包括：黄乌孙、杜拉特、康居、阿尔班、苏宛、札刺亦儿、夏普拉希特、夏尼什克勒、沃夏克特、额斯特、席尔格勒等部落。中玉兹包括：阿尔根、乃蛮、钦察、克烈、瓦克、弘吉刺特等部落。小玉兹（阿勒钦部族联盟有七个部落）包括：杰特鲁、阿里木吾勒和巴依吾勒等部落。小玉兹中大多数为金帐汗国时期的诺盖人。哈斯木可汗统治时期（1511—1518年），哈萨克汗国人口达到一百万，并扩展了领土范围。之后的叶斯穆可汗和艾兹·头克可汗统一了三个玉兹（哈萨克汗国重要的组成部分）。1635年建立的准噶尔汗国对哈萨克汗国采用军事侵略政策。在18世纪的前四分之一世纪中，他们向哈萨克汗国发动了几次大规模的侵略战争。1723年到1725年间发生的最大一次战争导致哈萨克人民妻离子散、背井离乡，哈萨克汗国内伤亡惨重，民不聊生。这对几代哈萨克人民来说，是不可磨灭的沉重灾难。头克可汗去世后三个玉兹互相疏远，从而削弱了哈萨克汗国的力量。准噶尔汗国的侵略造成一部分哈萨克人被迫离开家园，牲畜丢失，牧场被侵占。种种境况导致生产危机，从而使得可汗的威信大不如前，并且人民之间相互疏远，哈萨克汗国内部四分五裂。”（《哈萨克斯坦民族百科全书》第五册399页—401页，2003年出版）

政治经济的窘迫现状加剧了哈萨克汗国的衰落，加速了沙俄帝国的吞并步伐。沙俄帝国首先占领了阿布勒海儿汗王管辖下的小玉兹领土，1734年占领了中玉兹的一部分领土，19世纪后半叶吞并了整个哈萨克汗国。在沙俄统治时期，在哈萨克草原上一次次掀起反殖民统治的起义浪潮。

# Kazakh Nomadic Culture

The society that has passed through the longest formation in the human history is a nomadic society. For thousands of years, nations and peoples who lived to the east of the Great Wall and to the west to the Mediterranean Sea in the vast steppes of Eurasian led a nomadic life which was caused by the need to adapt to the natural environment. More specifically the great steppe has forced the people living there to lead the special nomadic way of life. The people who lived a quiet life in the warm and wide lands by way of hunting have preferred to build for themselves dwellings out of stones and wood, to tame wild animals, to pasture, to turn up the soil and set seeds, to open up mines, to melt iron and copper and to weave. When the need arose they began to use natural resources. Traditionally the cohabiting races and tribes existed harmoniously starting from the known things to faiths – beliefs leading a nomadic living.

Nomadism is a historically formed economic and social system. Nomadism has been the basis of pastoral cattle farming in the Eurasian and Afro-Asian territory for a long time. The historians define the following periods of nomadism – Ancient, Classic and Modern. The Saka, Uisun, Qangly, Huns and other tribes belonged to the ancient nomads of the great steppe. In the Turkic times, the Mongolian Classic period of Nomadism contributed much to world development. The system of cattle breeding represented a type of ordered and well-developed economy, having improved household particularities. The cattle breeding that became a main production tool for the nomads living in the Eurasian steppes gave not only the food, but its products were used also for exchange. By developing the methods of cattle husbandry, nomadism improved continuously beginning from the daily used household tools to moral and ethical notions.

One of the main problems among the nomads was a lack of national unity. In the Eurasian market society, possession of property and civil relations are of fundamental importance. But for the nomads, blood and intertribal relations are much more valuable. The notion "Fathers' land" is for the nomads a sacred guarantee of unity of the native shore and recognition of the sacrosanctity of the land of neighboring peoples. As a result of understanding time and space, moving from one place to another, and stationing in a suitable climatic zone, the nomads could put cultural and climatic characteristics to good use. For example, from ancient times in Kazakhstan they used June pasture field. The wooded lands and steppes of the southeast mountains were used for summer grazing due to abundant rain. The eastern and central regions were used for winter grazings. And spring and autumn pasture fields were adjoining summer and winter fields. According to the

established traditions the June pasture fields were divided among the families and all other lands were used together. Understanding the fierce nature of the steppe, forecasting its internal regularities are the main aspects of the nomadic culture. "The dry steppe may be developed only by a herder, but to farm its territory with success, one should continuously improve his mastery and this requires special human and intellectual qualities" -says the English historian A. J. Toynbee (1889-1975). Cattle breeding is more complex compared to other forms of agriculture because a farmer uses the natural blessings directly, and the nomads use the cattle as a mechanism that processes the plants of nature. People who do not possess intelligence, kindness, self-control and good intuition could not live on the fierce steppe. The nomadic culture fulfills the function of an intermediary, expressing tender relations between a man and nature. The nomadic society existed in the form of – nomadic/ half-nomadic cattle breeding which had a great influence on their world-view. An integral part of this world view was based on such concepts as "world" and "man". This world view has generated various traditions, customs, and ideas about the development of nature. The foundational concepts of the ancient nomads were blue sky, endless world and the all powerful Creator of the blue sky – the Sun in the sky. Together, the nomadic life-style, four species of animal stock and the Earth Mother formed material well-being. Nomads understood the first astronomic notions of space.

The nomadic way of life has implemented specific requirements for child-raising. The rigors of life on the steppe developed people who were spiritually rich and concerned with their community. Nomadic life makes nomads good at singing and dancing and having imaginative qualities. The history of nomads, lasting for several centuries, shows their coordination, their great-heartedness, and their life dreams. The spiritual life and world views of the nomads, which have been greatly undervalued, have been recognized as random and systemless. Nomads have been called "primitive" and "savages". However, the evidence shows that nomadism has played an important role in history. The economic system, national attributes, and public administration found in nomadism have been proven just as good as those of great world civilizations [Kazakh National Encyclopedia – Vol. 5, pages 62, 63].

Some believe that nomads could not reach an intensive development of culture and science as developed countries. However, the Historical Encyclopedia says: "When the nations of the New and Old World had big changes, in the steppe, the life-style of the nomads underwent changes slowly" [Markov G. E.]. The requirements of industrialization changed the conditions of the tribes. Thus the small tribes have grown into strong communities of tribes. During this long historical period up to development of fire weapons, the world of the nomads became one of the most strong and powerful force in the human history. The Kazakh National Encyclopedia states the following about formation of the Kazakh people: "In a thousand years BC, the ancient tribes that lived within the territory of Kazakhstan moved to the nomadic life style. Several unions of tribes were



formed. The largest among them is Saka. They inhabited the South-East beginning from the shores of Syr Darya, borderlands of Karatau, Talas to the Tien Shan mountains. The tribes inhabiting the shores of Aral, Syr Darya, along Amur Darya have formed into the union – Massagets. The Saka lived opposite the Scythians and populated north of the Black Sea and alongside Dnepr and the Savromats. The Kazakh people's culture stems mostly from the Saka. Archeology (burying places, treasures etc.) show the history of the Saka and their material and spiritual culture. On the southern lands of modern Kazakhstan, alongside the rivers Syr Darya, Talas and Chu, new unions of the combined tribes have occurred based on the ancient Saka. These tribes include the Huns, Uisuns, Qangly, and Sarmatians. They became a strong state and left a definite imprint in the history, culture, and art of Central Asia. They lived before the 5<sup>th</sup> century AD and cooperated with many nations. Apart from the ancient local Saka, the Hun, Uisun, and Qangly were special founding figures in the formation of the nomadic race. This long ethnic process began in the first half of the first century BC. It was able to fully form only in the 5<sup>th</sup> and 6<sup>th</sup> centuries AD. Many tribes that became a background of the Kazakh nation entered into the Turkic Khanate in 552 and came to be known under such different names as Chumygun, Day, Irki, Chuban (Shumanakh), Dulu. "Ten tribes" were an ethnic and political foundation of the Western Turkic Khaganate being founded in the year 603. They held lands of the ancient Uisun located between the roots of Karatau and Dzungarian Basin. In the east of the river Chu the lands were owned by the five tribes Dulu, in the west – by the five tribes Nushebi. Instead of the Turkic Khanate in (704-756) the Turgesh Khanate was founded, and then (756-940) – the Karluk Khanate and they ruled over the said tribes. At the times of the governance of these states, the tribes moved to sedentary life and the agriculture of farming was developed. The cities flourished and trade revived. During that period the Karluks, Shigils, Yagmals, Adgul lived alongside Zhetysu and Talas, and in the Central Kazakhstan and, alongside Syr Darya, the Oghuz and Qypchak ruled over. "Some of these groups of the oghuz have influenced the emergence of the kind of the Kazakh people. "Early states of the Naimans, Kereis, Jalairs, though they were in the east of the Central Asia, in the territory of Mongolia which borders Kazakhstan, had a direct influence on the nomadic history. After the defeat of the Mongols the Naimans and Kereis, the Jalairs began to gradually join the forming numerous Turkic people or rather the Kazakh people. Because Naimans expanded along the banks of the Syr Darya in Mongol empire, it lays an important foundation for formation of Kazakh people. The scope of Kereis expanded along the Volga River. After that they join the Kazakh people. In the northern and north-eastern regions of Kazakhstan lived the Qypchak engaged in nomadic cattle breeding. The Qypchak ruled over in the 11<sup>th</sup> century in the vast Kazakh steppes and in the southern Russian steppes and in the 12<sup>th</sup> century settled to the river Dnepr. The Qypchak mainly joined the Kazakh people. Combining of the Turkic tribes living in the steppe regions of Kazakhstan in the 11<sup>th</sup>-12<sup>th</sup> centuries, developing of the

economic and cultural relations with the regions developing agriculture in a settled environment has become an important period in the formation of the Kazakh nation. On the way of the formation of the nomads as a single nation an important imprint was left by the Mongolian invasion which began in the 13<sup>th</sup> century. After the death of Genghis Khan in the mid – 13<sup>th</sup> century most of the land of the nomads passed under domination of his eldest son Jochi Khan, only the shores of Zhetysu belonged to his second son Chagatai Khan. A small part of the north-eastern part of Kazakhstan was transferred to his third son Ogodei Khan. After a short period of time the Mongols were mixed with the locals, especially with Qypchak, and fully lost the characteristics inherent in them. After the period of the Mongol empire breakdown the development of the political life of the people of this region passed through isolation of several government structures that were formed on the local ethnic basis: White Horde (Ak Horde), Mongolstan, Khanate Abulkhair (State of Uzbek nomads), Nogai Horde. The continuing public fragmentation of the people of Kazakhstan in the 14<sup>th</sup> and early 15<sup>th</sup> century led to the incorporation of three Juzes, or tribes." In the recent troubled times,"in order to unite the political fragmented groups of Kazakh tribes and clans, the opportunity, for the first time, existed for them to become a part of the state. The creation of the Kazakh Khanate gave a real opportunity to solve this issue.

The foundation of the Kazakh Khanate was a lawful result of the socio-economical and ethno-political developments which began on the vast lands of the Eastern Deshti Qypchak, Zhetysu and South Kazakhstan. In the mid-15<sup>th</sup> century after the death of Abulkhair Khan his servant union of the nomadic tribes split into two Khanate "Kazakh" and "Uzbek." Kazakh Khanate fully inherited the Eastern edge of Ak Orda-sphere of jurisdiction of Jochi Khan, settled between the Urals and the Irtysh, Tyumen and Syr Darya. In the late 15<sup>th</sup> and early 16<sup>th</sup> centuries, they were joined by the Great Juz (Uisun, Dulat). From that time the Kazakh state had a certain land, its people spoke the same language, kept similar household. There were similar traditions and customs that were close to each other. In the 15<sup>th</sup>-16<sup>th</sup> centuries in connection with the breakdown of the Nogay, Siberian and Mongolian Khanate, following major political events in the land of Kazakhstan, many ethnic groups and tribes have joined the Kazakh Khanate. In the 16<sup>th</sup> century there was the end of the process of of the Kazakh society division into three Juzes. The Great Juz or Uisun clans included – the Sary-Uisyn, Dulat, Alban, Suan, Jalair, Shaprashty, Qangly and Shanyshqyly, Oshaqty, Ysty, Sergeli; the Middle Juz included the Argyn, Kerei, Naiman, Waq, Qonyrat, Qypchak, Taraqty; the Junior Juz – (the group of the Union Alshyn) such as Jetyru, Alimuli and Baiuli. Many of Junior Juz had been Nogay since the times of the Golden Horde. Also, the races related to them are found in the lower mouth of the Volga, the North Caucasus, the Crimea (Zhalgalbayli, Berish, Sherkesh, Malkar and others).

In the 16<sup>th</sup> century under the rule of Khasym Khan the number of people of the Kazakh Khanate reached 1 million. The ethnic territory has expanded. Akhnazar,

Taukel Khan, in the 17<sup>th</sup> century Esim Khan, in the late 17<sup>th</sup> century – early 18<sup>th</sup> century Tauke Khan combined three Kazakh juzes (Kazakh Khanate). The Dzhungar Khanate which was founded in 1635 conducted an aggressive policy against the Kazakhs. In the first quarter of the 18<sup>th</sup> century they organized several major campaigns. The largest "period of escapes of the most Kazakh people from their homes because of the attacks" in the years 1723-1725 brought big difficulties to the Kazakh people. After the death of Tauke Khan the isolation, estrangement of three Kazakh juzes led to a weakening of the Kazakh Khanate.

The Dzhungars shifted one part of the Kazakhs from the ethnic territory, complete deprivation of livestock and pastures, the economic crisis has discredited the Khans, increased confusion and slander" [Kazakh National Encyclopedia – Vol. 5, pages 399, 400, 401]. At the time when the unity of the Kazakh people broke down Russia firstly involved the Junior Juz under the rule of Abulkhair Khan. In the year 1734 it took possession of one part of the Middle Juz. In the 2<sup>nd</sup> part of the 19<sup>th</sup> century it joined the Empire the whole of Kazakhstan. There were a lot of national liberation uprisings against the colonial policy of Russia. They were headed by Syrym Datuli, Isatay Taymanuli, Kenesary Kasymuli, Zhankozha Nurmukhameduli and others. On 21-28 July 1917 on the eve of the October Revolution in Orenburg city hold first all Kazakh Congress, in fact, it was the Congress of the "Alash". A. Bokeikhan, M. Tynyshbay, M. Dulatuli, A. Baytursynuli, Zh. Dosmukhameduli, H. Dosmukhameduli, M. Zhumabayuli and others joined the party Alash. In 1918, the city of Kokand the Kazakh members of intelligentsia opened the fourth Muslim Congress and founded the Turkestan autonomy. Mukametzhan Tynyshbay became the first prime minister, Mustafa Shokai – president. Then Alikhan Bokeikhan became president. At the initiative of the Kazakh intelligentsia the Kazakhs enthusiastically started foundation of a Kazakh country. But the Alash party continued the work could not stay away from the Soviet exile that covered the whole Russia and Middle Asia as a fire.



Арман даланың ардалары (Іле, Өртеkes)  
草原开拓者  
Steppe pioneers (Ortekes, Ili)

«Қос құрлықтың жапсарын алып жатқан Қазақ даласында, табиғи-географиялық бітіміне орай, үш түрлі шаруашылық аймағы қалыптасты (Қ.Ақышев). Оның біріншісі — батыс және орталық Қазақстанның қуан даласында қалыптасқан экстенсивті көшпелі шаруашылық. Бұл аймақта жыл он екі айда төрт түлік мал аяғымен жайылып, бойлық бағытында жүздеген шақырымға шырқай көшіп-қону өмір салт өзегі болды. Екіншісі — Шығыс және Оңтүстік-шығыс аймағы, Еренқабырға (Тянь-Шань) мен Алтай тауларында қалыптасқан көшпелі шаруашылық тәсілі. Мұнда жартылай отырықшылық, таулы жерлерде вертикальды көшпелілік қалыптасты. Үшіншісі — Оңтүстік Қазақстандағы Сырдария, Шу, Талас, Арыс сияқты өзендердің құнарлы алқаптарындағы жартылай көшпелі, жартылай отырықшы өмір салты. Бұл өңірлерде егіс егу, суармалы жер шаруашылығы, қалалық мәдениет жақсы дамып, біздің жыл санағымызға дейінгі 6-4 ғасырларда ақ моншақтай тізілген елді мекендер бой көтеріп үлгерді, зәулім ғибадатханалар салу дәстүрі қалыптасты. Кейін сол елді мекендердің аясы кенейіп Отырар, Тараз, Сығанак, Испиджаб, Асы (Ясы), Сауран сияқты қалалар Еуропа мен Азия аралығындағы трансконтинентальды жол торабының үстінде бой көтерді.» (Акселеу Сейдімбек, «Қазақ әлемі» 25 б. – Алматы. «Санат»1997 ж.)



Хан Шатыр алдында, Хан Шатыр — әлемдегі ең үлкен Шатыр пішіндес ғимарат. (Астана, 2010 ж.)

Астанада “汗王宫殿” 前的节日活动（汗王宫殿是目前世界最大的模仿毡房样式的建筑）

A festival in front of the “Royal Marquee”, Khan Shatyr in Astana (A giant structure which mimics a felt tent.)

著名学者哈·阿克什泰分析：“根据自然地理环境，欧亚大陆上的哈萨克草原上主要出现过三种的放牧方式。第一种是在位于哈萨克斯坦西部和中部的贫瘠草原上形成的广泛的游牧生产方式。此地区一年四季四种牲畜在野外放养，牧民们在几百公里外的草原上迁徙。第二种是在位于哈萨克斯坦东部和中南部地区，天山、依连哈比尔尕山和阿尔泰山形成的游牧生产方式。这里以半定居为主，而山区采用纵向放牧的方式。这种冬季牧场生产方式是比较固定的生产方式。它主要集中在伊犁河、额尔齐斯河、乌伦古河等芦苇丛生的流域或萨乌尔、玛依勒—加依尔、阿拉山等深山中，还有大山向阳山坡或森林边及避风雪的盆地中。第三种是位于哈萨克斯坦南部锡尔河、楚河、塔拉斯河、阿雷思河等富饶的地域上半游牧半定居的生活方式。这些地区耕种庄稼，灌溉农田，城市文化被发展起来了。早在公元前6—4世纪就出现了一片一片的村庄和城镇。紧接着，兴起了讹答刺、塔拉兹、思格纳特、塞兰、现今的赛兰市等横跨欧亚大陆的城镇。”

K. Akyshev said: "In the land of the Kazakhs, located on two continents, due to the natural geographical location, three types of farming developed. The first type was the extensive nomadic husbandry formed in the bright yellow steppes of Western and Central Kazakhstan. In this area all kinds of cattle grazed twelve months a year all alone, so the main tradition of life was moving hundreds of kilometers in the direction of longitude. The second type was a method of nomadic husbandry formed in the East and South East area, in the mountains Erenkabirga (Tien Shan) and the Altay. The third type was - half nomadic, half sedentary life formed in the fertile hollows of such rivers as the Syr Darya in South Kazakhstan, the Chu, the Talas, and the Arys. In these parts there was good development of agriculture, irrigation, urban culture, in the 6-4 century before our era the people managed to build up human settlements as white pearls, it was usual to build high temples. Then the area of these settlements grew, and such cities as Otrar, Taraz, Syganak, Ispijab, Asa (Yasy), Sauran have grown on the transcontinental crossroads between Europe and Asia" [Page 25 from "World of Kazakhs" by Akseleu Seydimbek in 1997, Almaty Publishing House "Sanat"].

Ертедегі көшпелі сарбаз мүсіні алдында (Астана, 2009 ж.)  
古与今 Curious viewers watch ancient warriors





Ўлжан сахарасы (Тарбағатай аймағы, Сауан ауд.)  
鹿角湾 (新疆沙湾县)  
Scenery of Wlujan (Sawan, Xinjiang)



Бурабай көлі, Жұмбақас  
科克舍套布拉拜湖的神秘石岛  
The secret island in Lake Burabay(Kokshetau, Kazakhstan)





Арийлер («Ежелгі Қазақстан», Алматы «Аруна» баспасы, 2002ж.)

雅利安人

Aryan ("Ancient Kazakhstan", Almaty Publishing House "Aruna" in 2002)



- ① Өртекестегі Үйсін бейігі (Іле)  
乌孙墓 (中国新疆昭苏县)  
The tombs of Uisun (Mongolkure, Xinjiang)
- ② Өртекестегі Қызыл қала орыны  
赤城遗址 (新疆昭苏县)  
Site of Kyzyl city (Mongolkure, Xinjiang)
- ③ Күнестегі Үйсін бейігі (Іле)  
新源县的乌孙墓 (新疆)  
The tombs of Uisun in Kunes County  
(Ili, Xinjiang)



Шыңғыс хан ойрандаған Отырар (Оңтүстік Қазақстан, Отырар ұлттық мұражайы)  
 被成吉思汗摧毁的讹答刺市遗址（南哈萨克斯坦）  
 The city of Otrar destroyed by Genghis Khan (South Kazakhstan)

Айта берсең, ықылым замандардан күллі даланы бәдіздеп, жапандағы жартас бетін күн суреті, аң суретімен айшықтап, әлем мәдениетінде «андистилі» дейтін өнер жосығын жасап, бейнелеу үлгісін тастап кеткен Сақтардың сарқыты – Қазақ біз емес пе едік бүгінгі? Алтайдың ежелден ел іші-сыртында «Мың шақырымдық жартас суреттері галереясы» деген әдемі аты бар емес пе еді?! Тағы да сол жалама жартас суретшілері Тянь-Шаньның бір пұшпағын

岩画是古代游牧民族在漫长的岁月里，运用写实或抽象的艺术手法，在岩石上绘制和凿刻的图画，它记录了古代人类社会生活的各个方面。中国是世界上岩画分布最广、内容最丰富的国家之一。岩画艺术造型粗犷浑厚，构图朴实，姿态自然，写实性较强。以人首像为主的占岩画总数的

Today's Kazakhs are descendants of Saka. From the ancient times they left behind decorating stones


